

## 2006 жылғы астықты мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 ақпандағы N 101 Қаулысы

Республиканың азық-түліктік қауіпсіздігін, жұмылдыру мұқтажыдығын қамтамасыз ету, стратегиялық мәні бар астық нарығын жедел реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2006 жылғы егіннің азық-түліктік жұмсақ бидай астығын мемлекеттік астық ресурстарына мемлекеттік сатып алу көлемі есепке алынған табиғи салмағының бір тоннасы үшін қосылған құн салығын қоса алғанда және қосылған құн салығын төлеушілер болып табылмайтын бірыңғай жер салығын төлеушілер үшін қосылған құн салығын есептемей, франко-элеватор жеткізу шартымен 12350 (он екі мың үш жүз елу) теңге баға бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен 6208382000 (алты миллиард екі жүз сегіз миллион үш жүз сексен екі мың) теңге сомасына 502703 (бес жүз екі мың жеті жүз үш) тоннаға дейінгі көлемде белгіленсін. Бұл ретте:

көктемгі-жазғы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға арналған сома 3892000000 (үш миллиард сегіз жүз тоқсан екі миллион) теңге мөлшерінде белгіленеді;

күзгі-қысқы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға арналған сома 2316382000 (екі миллиард үш жүз он алты миллион үш жүз сексен екі мың) теңге мөлшерінде белгіленеді.

Көктемгі-жазғы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға пайдаланылмаған ақша қаражаты күзгі-қысқы кезеңде астықты мемлекеттік сатып алуға пайдаланылады.

*Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.04. N 232 қаулысымен.*

2. "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" акционерлік қоғамына кредит ресурстарын тарту есебінен 2000000 (екі миллион) тоннаға дейінгі көлемде бидай және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарының астығын қосымша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А.С. Есімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК